

Кімге: Қазақстан Республикасының Оқу -ағарту министрлігіне
Автордың аты- жөні және лауазымы: Жолдыбаева Думан Спатаевна,
Ұлытау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету
департаментінің аттестаттау және лицензиялау бөлімінің бас маманы
Күні: 18.09.2025 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері: білім беру мекемелеріндегі жиі кездесетін кемшіліктер және оларды жою тетіктері

Кілт сөздер: аттестаттау талаптары, білім беру сапасы, білім беру стандарты, тексеру нәтижелері, материалдық техникалық база, педагогикалық кадр, сыртқы бағалау.

Кіріспе Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі сапаны қамтамасыз етудің негізгі құралдарының бірі – мемлекеттік аттестаттау болып табылады. Бұл процесс білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие, ұйымдастырушылық және әдістемелік қызметін кешенді бағалауға бағытталған. Аттестаттау — сапаны арттыруға арналған сыртқы бақылау тетігі болғанымен, тәжірибе көрсеткендей, білім беру мекемелерінде жүйелі қателіктер жиі қайталанып отырады. Мұндай кемшіліктердің қайталануы сапаны басқару жүйесінің әлсіз тұстарын көрсетеді. Осы мақалада мемлекеттік аттестаттау барысында жиі кездесетін жүйелі қателіктер сараланып, оларды болдырмаудың нақты жолдары ұсынылады.

Негізгі бөлім Мемлекеттік аттестаттау – бұл білім беру ұйымының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін анықтайтын рәсім. Аттестаттау кезінде бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады. Аттестаттаудың негізгі мақсаты – оқу сапасын қамтамасыз ету, ұйымның білім беру қызметіне жүйелі талдау жасап, әлсіз тұстарын анықтау. Сонымен қатар, бұл сыртқы бағалау арқылы ішкі басқару шешімдерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

1-кесте. 2024 ж. аттестаттаудан өткен бөбекжайлар

Аудандар	жалпы	аттестатталмаған	аттестатталған	аттестатталмаған (%)
Жезқазған	4	2	2	50
Сәтбаев	9	7	2	78
Жаңаарқа				
Қаражал				
Ұлытау				
жалпы	13	9	4	69 (%)

Аттестатталған бөбекжайлар:

- *Жезқазған қаласы:* «Салтанат», «Ертөстік»
- *Сәтбаев қаласы:* «Айналайын», «Алпамыс»

2-кесте. 2024 ж. аттестаттаудан өткен мектептер

Аудандар	жалпы	аттестатталмаған	аттестатталған	аттестатталмаған (%)
Жезқазған	5	4	1	20
Сәтбаев	3	3		100
Жаңаарқа	12	12		100
Қаражал	4	4		100
Ұлытау	13	13		100
Абай ат ММИ	1	1		100
№3 БИЛ	1	1		100
жалпы	39	38	4	97%

Жалпы, жоспар бойынша 39 мектеп мемлекеттік аттестаттау жоспарына қойылған. 1 ғана мектеп Жезқазған қаласының №11 жалпы білім беретін мектебі ғана аттестаттаудан өтіп, облыс бойынша 97% көрсеткіш көрсетті. Қалған 38 мектеп қайталама аттестаттаудан өту үшін жоспарға қойылып, 27 мектеп қайталама аттестаттаудан өтті, 3 мектеп профилактикалық бақылауға қалдырылды. Қыркүйек- қазан айында 8 мектеп қайталама аттестаттау жоспарына енгізілді.

Жиі кездесетін кемшіліктер (2024 жыл):

Балабақшаларда:

- 5 бөбекжайда – топтарды жас ерекшеліктеріне сай қалыптастырмау;
- 4 бөбекжайда – оқу жүктемесінің максималды көлеміне қойылатын талаптардың сақталмауы;
- 5 бөбекжайда – мектепке дейінгі балалардың оқу нәтижелерінің болмауы;
- 4 бөбекжайда – мемлекеттік стандарттардың сақталмауы;
- 5 бөбекжайда – 9 педагогтің біліктілік санаты жоқ, 7 педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтпеген.

Мектептерде:

- 8 мектеп – жұмыс оқу жоспары үлгілік жоспарға сәйкес емес;
- 10 мектеп – бейінді оқыту талаптарын орындамау;
- 10 мектеп – «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» кіріктірілген түрде өтуде (тиісті пәндерде емес);
- 21 мектеп – бағалау талаптарының сақталмауы (қалыптастырушы, жиынтық бағалау);
- 23 мектеп – 30 педагог соңғы 3 жылда біліктілік арттырмаған;
- Материалдық-техникалық база жеткіліксіз;
- 9 мектеп – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасалмаған.

Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациядан өткізу – бұл оқу орындарының сапасын, тиімділігін және стандарттарға сәйкестігін бағалайтын маңызды құрал. Әлем елдерінде бұл процесс түрлі

әдістермен жүзеге асады. Төменде бірнеше дамыған елдердің тәжірибесіне шолу жасаймын:

Халықаралық тәжірибе

1. Финляндия: сенім мен кәсібилікке негізделген модель. Мемлекеттік аттестация жоқ. Оқытушылар мен мектептерге толық сенім артып, сыртқы бақылау минималды. Ішкі бағалау және өзін-өзі бағалау басты құрал болып саналады. Мұғалімдердің біліктілігіне ерекше назар аударылады: мұғалім болу үшін магистр дәрежесі қажет. Сапаны Ұлттық білім агенттігі (EDUFI) қадағалайды, бірақ бұл мекеме кеңес беруші сипатта. Финляндия тәжірибесі – бақылау емес, сенім мен кәсіби еркіндікке негізделген жүйе.

2. Ұлыбритания (Англия): Ofsted жүйесі. Ofsted- мектептерді тексеретін және бағалайтын тәуелсіз мемлекеттік орган. Мектептер белгілі бір индикаторлар арқылы бағаланады: оқу жетістіктері, басқару, тәрбие жұмысы, оқыту сапасы т.б. Бағалау нәтижелері жарияланады, ата-аналар мен қоғаммен ашық бөлісіледі. Рейтинг беріледі (Outstanding, Good, Requires Improvement, Inadequate). Ашықтық пен есеп беру – британдық жүйенің басты ерекшелігі.

3. Сингапур: үздіксіз жетілдіру мен басқаруға негізделген модель. Сапаны Ministry of Education (MOE) бақылайды. School Excellence Model (SEM) – мектептің өзін-өзі бағалау жүйесі. Мектептер жыл сайын өзін бағалап, нәтижесін министрлікке ұсынады. Мақсат – үздіксіз даму және стратегиялық жоспарлау. Мұғалімдердің қызметі де жеке бағаланады. Негізгі ұстаным – "бақылау үшін емес, даму үшін бағалау".

4. Қытай: орталықтандырылған бақылау. Мемлекеттік аттестация қатаң әрі иерархиялық сипатта. Білім сапасы ұлттық стандарттармен тексеріледі. Мектептерге жоспарлы түрде аудит және инспекция жасалады. Бағалау нәтижелері мектептердің қаржыландырылуына әсер етеді. Қытайда нәтижеге бағытталған, орталықтандырылған бақылау жүйесі басым.

Қорытынды

Мемлекеттік аттестаттау – білім беру сапасын сырттай бағалаудың маңызды тетігі. Алайда, аттестаттау барысында бірқатар жүйелі қателіктердің жиі кездесуі – бұл білім беру ұйымдарында сапаны басқару мәдениетінің толық қалыптаспағанын көрсетеді. Қателіктердің алдын алу үшін тексеріс жүргізуден бұрын оқыту, әдістемелік қолдау, ішкі мониторинг және серіктестік тетіктері жүйелі іске қосылуы қажет. Аттестаттауға формальді процесс ретінде емес, ұйымның сапасын арттыру құралы ретінде қараған кезде ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге болады.

Ұсынымдар

1) Ақпараттық және әдістемелік қолдауды күшейту:

- әрбір өңірде аттестаттауға дайындық бойынша әдістемелік кеңестер, семинарлар, вебинарлар ұйымдастыру;

- білім беру ұйымдарына арналған "Аттестаттауға дайындық бойынша чек-листер" мен интерактивті құралдар әзірлеу.

2) Ішкі сапаны басқару жүйесін дамыту:

- мектептерде ішкі аудит топтарын құрып, жылына кемінде 1 рет өзін-өзі бағалау жүргізу;

- әр пән мұғалімінің, әдіскердің, әкімшілік өкілінің сапа мониторингін өз деңгейінде жүргізу жүйесін жолға қою.

3) Аттестаттауды цифрландыру және деректермен жұмыс жасау:

- электронды форматтағы есеп беру жүйесін дамыту;

- талдауға негізделген деректер платформаларын енгізу (мысалы, жетістіктер, тест нәтижелері, педагог кадрлардың дамуы т.б.).

4) Материалдық-техникалық базаны жаңғыртуға жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыру:

- мектептерге қажетті пән кабинеттерін жарақтандыруға арналған арнайы субвенциялар немесе гранттар бөлу;

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы

2. ҚР БҒМ Сапаны қамтамасыз ету комитетінің әдістемелік ұсынымдары

3. OECD: "Education Quality Assurance: International Best Practices", 2021